

**ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТЕР ДОСТАСТЫҒЫНА ҚАТЫСУШЫ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ
ҮКІМЕТ БАСШЫЛАРЫ КЕҢЕСІНІҢ "ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТЕР ДОСТАСТЫҒЫ
АУМАҒЫНДА ҰЙЫМДАСҚАН ҚЫЛМЫСҚА ЖӘНЕ БАСҚА ҚАУІПТІ ҚЫЛМЫС
ТҮРЛЕРІНЕ ҚАРСЫ КҮРЕСТІ ҮЙЛЕСТІРУ ЖӨНІНДЕГІ БЮРО ТУРАЛЫ"
ШЕШІМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 12 сәуір
1994 ж. N 371**

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің үкімет басшылары кеңесінің 1993 жылғы 24 қыркүйектегі шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы аумағында ұйымдасқан қылмысқа және басқа қауіпті қылмыс түрлеріне қарсы күресті үйлестіру жөніндегі бюроның қызметіне қатысу құқығы берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі орталық аппаратының штатына өкілетті өкіл - бас инспектор лауазымы енгізілсін.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының келісуі бойынша өкілетті өкілді - бас инспекторды тағайындасын және оны бұдан былай қызмет өткеру үшін Мәскеу қаласына жіберетін болсын.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 4 мамырдағы N 350-15 қаулысына N 3 қосымша "Өрттен қорғау бас басқармасының бастығы ішкі қызметтің генерал-майоры" деген сөздерден кейін "Өкілетті өкіл - бас инспектор милиция генерал-майоры" деген сөздермен толықтырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республиканың бюджетін кезекті дәлдей түсу кезінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы аумағында ұйымдасқан қылмысқа және басқа қауіпті қылмыс түрлеріне қарсы күресті үйлестіру жөніндегі бюроны ұстауға Қазақстан Республикасының үлес қосып қатысуы үшін қажетті қаржы бөлінуін және бұдан былай келесі жылдарға арналған бюджеттің жобасын жасаған кезде осы Бюроны ұстауға жұмсалатын шығындарды ескеретін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК